

**РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ**

Түркістан тарихын зерттеу – уақыт талабы

тұстік Қазақстан облысы Түркістан облысы деп өзгеріліп, облыстың әкімшілік орталығын барша түркі-мұсылман жұртына қасиетті рухани оргалық – Түркістан қаласына көшіру туралы шешім қабылданғанына бір жылдан астам уақыт етті.

Дария КОЖАМЖАРОВА,
М.Әуезов атындағы
ОҚМУ ректоры, академик

Табиғи-географиялық құрылымына байланысты Азия құрлығы бес аймакқа бөлінеді: Алдыңы, Оңтүстік; Оңтүстік-Шығыс, Шығыс және Орталық Азия. Осылардың ішінде Еуропа мен Азия құрлығының түйіскен жерінде орналаскан Орталық Азия – түркі тілдес этностардың ежелгі Отаны, түркілер үшін қасиетті жер болып саналады. Өйткені бұл жерден барлық түркі халықтары мен тайпалары бастау алады, олардың мәдениеттері мен тарихтары бірігеді.

Тарихқа шегініс жасайдын болсак, Орталық Азия жеріне алғашкы адамдардың бір миллион жыл бұрын таралғанын археологияғының дәлелдеді. Осы аймакта автохтонды, яғни түркі тілдес этностардың бабалары мекендеген. Жергілікті тұрғындар адам баласының басынан еткерген тас, қола, темір, ортағасыр және жана заман сияқты тарихи кезеңдерде өмір сүрген. Орталық Азияда осы тарихи дәүірлерге жататын археологиялық және сезулет ескерткіштері, тамаша жәдігерлер ашылды, олар жан-жақты зерттеліп, түркі тілдес этностардың тарихына жаңалықтар енгізілді.

Миллиондаған этностардың ортақ бір атауы – «турік» терминінің этиномологиясы әлі күнге дейін шешілмей келеді.

«Түркістан» деген сөзді естігендеге жүргегі елжіремейтін түркі баласы жоқ. Түркістан – түркілердің мыңжылдық атамекені, туыш-өскен, еркін жайлайған атақонысы.

Мыңжылдық тарихымызды заманның ахуалына қарай «Түркістан» ұғымының аумактық-географиялық сипаттының өзгерістерге ұшыраган кездері де болған. Тарих ғылымы «Түркістан» ұғымының түрліше тарихи кезеңдерде қан-

Тұнғыш Президент – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қарлығымен Оң-

түстік Қазақстан облысы деп өзгеріліп, облыстың әкімшілік орталығын барша түркі-мұсылман жұртына қасиетті рухани оргалық – Түркістан қаласына көшіру туралы шешім қабылданғанына бір жылдан астам уақыт етті.

– ушіншіден, Қазақстан мен Орта Азияны жауап алmas бұрын орыс тарихнамасында Түркістанды екіге, яғни «Батыс Түркістан» немесе «Бұқара Түркістаны» және Цинь империясы құрамындағы «Шығыс Түркістан» деп жіктел көрсету дәстүрі қалыптасты. «Шығыс Түркістан» ұғымы қолданыста әлі де кездеседі;


– төртіншіден, Ресей империясы Оңтүстік Қазақстан аумағы мен Орта Азияны толық жауап алғаннан кейін «Батыс Түркістан» атауы көбінесе «Орыс Түркістаны» деп атала бастады;

– бесіншіден, 1865 жылы патша үкіметі Сырдария өзені алқабы мен Қоқан хандығының батыс аймактарын қосып, Орынбор генерал-губернаторлығына бағынатын «Түркістан облысын» құрды. 1867 жылы жеке «Түркістан генерал-губернаторлығы» құрылып, оның құрамында орталығы Ташкент пен Верный қалалары болған Сырдария және Жетісу облыстары пайда болды. Кейінірек тағы да Самаркан, Закаспий, Фергана облыстары құрылды. 1917 жылғы революцияға дейін осы әкімшілік жіктеліс сақталды;

– алтыншыдан, 1917 жылғы Ақпан революциясынан кейін генерал-губернаторлық жүйе жойылып, жайғана «Түркістан өлкесі» деп атала бастады;

– жетіншіден, 1917 жылғы Түркістан өлкесінің түркі-мұсылман зиялlyлары Қоқан қаласында «Түркістан мұхтариятын» (Түркістан республикасын) жариялады болатын, бірақ өлкедегі билікті күшпен тартып алған Еуропалық большевиктер мен солшып эсерлер 1918 жылы ақпандың 1-негінде қаласындағы талқандады;

– сегізіншіден, 1918 жылғы қектемде Махмут Қашқаридің «Түрік сезідігі» кітабындағы «Түрік», сөзі туралы жазғаның әдейі түгел көлтірдік. Өйткені



тобын білдіреді. Бұл жеке де, жалпы да мағынада қолданылады. Мәселен: «Рум» сөзі Тәнірі жарылқаушы Ықсақтың ұлы Иусуга және Иусу ұлы Румге есім болғандықтан, рум әuletiniң де есімі болып келді. «Түрік» сөзі де осындай.

Ұлы тәнірі: «Менің бір тайпа қосынным бар, оларды «турік» деп атадым, оларды құншығысқа орналастырыдым. Бір ұлысқа ашуланып, назалансам түріктің соларға карсы саламын» дегіті.

Сондықтан да Тәнірідің өзі оларға ат берген, жер жүзінің ең биік, ыңғайлы, ең ауасы таза шүрайлы өлкелеріне орналастырыған да, оларды «әз косынным» деп санаған. Оның үстінен түріктің көркемдік, сүйкімділік, жарқын жүзділік, әдептілік, жүректілік, үлкендерді, қарияларды құрметтей, сезінде түрү, мәрттік, кішіктік және тағы да сондай сансыз көп мақтаулық қасиеттерге ие.

Махмут Қашқаридің «Түрік сезідігі» кітабындағы «Түрік», сөзі туралы жазғаның әдейі түгел көлтірдік. Өйткені

этностардың жалпы атауы болуымен қатар, оның даму дәрежесін де білдірген. Білге қаған басқарған құдретті түріктің империясы, яғни өсіп-өніп жетілген Түрік елі екенін білдірген.

Араб тіліндегі еңбектердебұл қасиетті қалада исламның рухани мұрасын байытқан атакты адамдардың дүниеге келгені жазылған. Солардың бірі – ғұлама, ғалым, сопылық философияның Орта Азияда негізін салған, «Диуани Хикмет» (Даналық кітабы) көне түркі тіліндегі діни өлеңдер топтамасын жазған Қожа Ахмет Ясауи.

Түркістан қаласы қазақ хандығының ең бірінші астанасы. Қаланың көне атауы – Ясы. Ясы Ұлы Жібек Жолының сауда орталығы және округі болған. XII ғасырда есіресе Қожа Ахмет Ясауи көшіп келген соң ерекше атакқа ие болған.

Сөйтіп Ясы қаласы XIV ғасырда түркі тілдес халықтардың діни орталығына айналды. Тіпті оны «Хазрет Түркістан» немесе «Кіші Мекке» деп атаган. XV

махаббаттың және сұннетке адалдықтың үлгісі ретінде анызға қосқан.

Жергілікті халықтың салт-санасы мен сенім-нанымына, әдет-ғұрпына қайшы келмейтін діни-мистикалық мектептің негізін қалаған Қожа Ахмет Ясауи шығармашылығы сопылық ағымның түркілік дәстүріне данғыл жол салды. «Ислам дінін тек араб тілі арқылы ғана танууга болады» деген түсінікті теріске шығарып, сопылық әдебиет ұстанымдарын көне түркі әдеби тіл – шағатай тілінде сөйледті. Қасиетті қітаптың арабша мағынасын толықтай түсіндіру, шаригаттың қыр-сырын, дін қағидаларын қалың қауымға өз тілдерінде тереңнен таныту мақсатында хикметтерін жергілікті халыққа жақын айшықты поэзия тілімен жазды.

Құран Кәрімде баяндалатын тарихи аныздар мен пайғамбарлар, әулие-әмбебілер жөніндегі әпсаналарды хикметтеріндегі Түркі жұрты мен мұсылман ортасында белгілі ортағасырлық ғалым-

ның түрліше тарихи кезеңдерде қандай мән-мағына бергендігін былайша топшылауға болады:

— «Түркістан» десе жастардың көпшілігі қазіргі облыс орталығы мәртебесіне ие болған Түркістан қаласын ғана еске алады. Бұл «Түркістан» ұғымының тек жеке бір қала атына қатысты ғана мағынасы. «Түркістан» ұғымының тарихи мағынасы бұдан әлдекейда кен;

— біріншіден, ортағасырларда Еуразия құрлығының орталық бөлігін мекендеген түркілердің көршілес араб, парсы, қытай, гректерден нақты ажырату мақсатында қолданылған «Түркістан» ұғымы бар. Бұл жердегі «Түркістан» ұғымы қазір түркі тілдес халықтар мекендеп отырған барша аймақтарды қамтиды;

— екіншіден, кейбір ортағасырлық мұсылман авторларының еңбектерінде «Түркістан» ұғымы тек Сырдария мен Әмудария өзендері алқабын ғана қамтығаны, ал аталған алқапқа кірмеген жерлерді басқаша атаумен, мысалы «Қышишак даласы» және с.с. аталғаны белгілі;

«Абділхан Қасиеттің ұғымынан ғыламасын» жариялады, ол 1924 жылы күзде жүргізілген ұлттық-аумақтық мемлекеттеге дейін өмір сүрді. 1924 жылдан кейін «Түркістан» ұғымы тек қазіргі Түркістан қаласының атына ғана қатысты қолданыла бастады.

Ертедегі ортағасырда (XI ғ.) әйгілі түрік ғұламасы Махмұд Қашқари өзінің «Түрік сөздігі» еңбегінде «түрік» сезіне және оның этимологиясына тоқталған. «Сахараның ұлы ғалымы, біртуар ойшылы, тіл зергері Махмұд Қашқари «Түрік тілдерінің жинағын» барлық түрік текті ұлыс, тайпаларды арапап жинап, зерттеп, талдап барып жазған. Күллі түрік елдерінің әдебиеті мен тілін салыстырмалы түрде зерделеп, түзіп шыққан алғашқы энциклопедиялық кітап», — дедінеді «Түрік сөздігінің» алғысөзінде.

Ғұламаның осы еңбегінде «түрік» сезінің шығу тарихына тәмемдегіше тоқталған: «Түрік; Тәңірі жарылқаушы Нұқтың ұлының есімі. «Түрік» сезі Нұқ ұлының есімі болып келгенде, жеке бір кісіні білдіреді, Нұқ әүлетінің есімі болып келгенде, «бешеч – бешер» сез сияқты жалпылық мәнді, көптеген адам

ғаның әдіе түгел келтірдік. Өйткені ғұлама «түрік» сезінің мағынасы мен этимологиясына өзен тоқталған. Оның сілтемеде берілген «түрік» сезі тура-лы жазғандарына қарағанда, Орталық Азияның автохтондық этностары өзара бірлестік үшін құресіп жатқан кезде, көп санды тайпалардың бастарын біріктіруге қолайлы есім (этникалық атау) қажет болған. Олардың талабына сәйкес келетін Нұқ пайғамбардың ұлының есімі Түрк (Түрік) терминіне тоқталған.

Ежелден түріктер халықтың, елдің қадірін жақсы білген және елін бірлікте сақтау үшін тарихи тұлғалар бар күшін, ақыл-ойын аямаган. «Бірлік бар жerde тірлік бар» деген қасиетті сезім халқыныздың сүйегіне сіңіп кеткен. Осындай қастерлі ұстанымның арқасында бір текстес Орталық Азия халықтарын біріктіруде «түрік» терминің қабылдаған. Орталық Азияны сонау Қара теңізге дейінгі ұланғайыр жерді мекендеген бір текті этностар өздерін «түрік халқымыз» деп атаған. «Түрік» термині уақытты білдірген жалпы мәнге ие: «Кемеліне келген ел» деген ұғымды білдіреді. Бұл

немесе «Кіші Мекке» деп атаған. XV ғасырдан бастап Ясы қаласы Түркістан деп аталды.

Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы, оның ілімінің мәні мен маңызы «Диуани хикмет», «Мират-ул Кулуб», «Пакырнама» сияқты бізге жеткен мұраларынан көрінеді. Ясауи қалыптастырған хикмет дәстүрінің Ислам ақиқатының халықтың жүргегіне жол тауып сіңірудегі маңызы зор болды. Олар хикмет дәстүрін таратуда зікір тәжірибесінің үш түрін: алқа зікірі, арра зікірі, құпия зікір формаларын қатар алып жүрді.

Ясауи хикметтерінің мәні, философиясының езегі – АДАМ. Адам кемелдікке жетуі үшін қажетті білім – қәлімін игеріп, Аллахтың фазылымен берілетін – хәл іліміне жетуі керек. «Диуани хикметте» арифтердің Сұлтаны бастан-аяқ өзінің ғашықтық күйін, гаріптік хәлін жырлайды. «Ариф ғашық тариқаттың дүрданасы» деген Ясауи ақиқатқа ішкі тәжірибе, өзін-өзі тану, діл тереңіне үңілу арқылы жетуге үндейді. Қожа Ахмет Ясауи қылутеке түсінің мәнісін халқымыз – Пайғамбарға деген

ортасында белгілі ортағасырлық ғалымдардың бірі исламның таралуы үшін дүниеге әкелген сопылық философиялық трактаттардың иесі Қожа Ахмет Ясауи келешек үрпакқа елеулі мұра қалдырыды. Оның «Диуани Хикмет» атты туындысы адамгершілік, имандылық, әділдік, инабаттылық тәрізді күрделі мәселелерді сипаттап ашып көрсетуге арналған.

Қожа Ахмет Ясауи өзінің бүкіл жарықын қабілеті мен дарынын, күш жігерін түркі халқына, тұған еліне, жалпы түркі дүниесіне, әсіресе өскелен үрпактың тәлім-тәрбиесіне жұмысған ғұлама.

Ендігі міндет – Түркістанның тарихын жан-жақты, кешенді түрде зерттеу. Білім беру ісі мен ғылымды катар дамыту, өзара ұштастыру оңай шаруа емес. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті іргелі ғылымды дамыту, рухани жанғыру аясында кешенді тарихи зерттеулерді жандандыру мақсатында Түркістан өлкесінің тарихын кешенді зерттейтін ғылыми орталығы жеті бағытта зерттеу жұмыстарын жүргізуі қолға алды.